

## 2015 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 27 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 ақпанда № 5352 болып тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі

### Қ А У Л Ы

### Е Т Е Д І :

1. Халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар анықталсын:
  - 1) та бы сы аз адамдар ;
  - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
  - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
  - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата - ана л а р ;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар а з а м а т т а р ;
  - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
  - 7) мүгедектер ;
  - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
  - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н адамдар ;
  - 10) о р а л м а н д а р ;
  - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер ;
  - 12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар ;
  - 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар ;
  - 14) ұзақ уақыт жұмыспен қамтылмағандар (он екі айдан астам) ;
  - 15) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар ;
  - 16) жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органында тіркелген елу жастан асқан адамдар ;

17) терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Т. Исмаиловқа жүктелсін .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Н а у ы р з ы м*

*ауданының әкімі*

*Т. Даиров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК